




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Эстетикадағы өнер мәселесі





Эстетикадағы өнер мәселесі

1. Эстетика тарихындағы өнер концепциялары
2. Өнер – қоғамдық сана формасы ретінде

Біздің қарастыратын келесі тақырыбымыз күнделікті қолданыста бар, адам өмірінің рухани әлемімен байланысты, эстетика ғылымының негізгі зерттеу саласы – өнер мәселесі. Ғылым тарихына көз жүгіртсек, неміс философы Иммануэл Кан үшін эстетика – «жалпы сезімділік туралы ғылым», ал эстетиканы өнер философиясы ретінде неғұрлым айқын қарастырған неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі Георг Вильгельм Фридрих Гегель болды.

Өнердің көптеген анықтамалары бар. Біріншіден, өнер – шынайылықты меңгерудің ерекше бір түрі, яғни шындықты рухани бейнелер арқылы меңгеру түрі. Екіншіден, өнер – бұл көркемдік-эстетикалық құндылықтар жинақталған мәдениеттің бірден-бір бөлшегі. Үшіншіден, бұл әлемді сезім арқылы тану формасы. Адам танымының үш әдісін көрсетуге болады: логикалық, бұл абстрактылы пайымдауға негізделген рационалдық әдіс; эмоцияға, сезімге негізделген сезімдік әдіс; интуицияға негізделген иррационалдық әдіс. Қажетті әлеуметтік білім жүйесінде мәдениеттің рәміздік бейнесі болып табылатын ғылым, өнер, дін үшеуі де адамның рухани-мәдени шығармашылығы болып табылады, бірақ әр саланың өзінің басым жағы бар: ғылымда – рационалдық басым, өнерде – сезімділік, дінде интуиция басым. Төртіншіден, өнер арқылы адамның шығарашылық қабілеті көрінеді. Бесіншіден, өнер ләззат алу мен рахат алу мүмкіндігін беретін көркемдік құндылықтарды адамның меңгере алу мәселесін қарастырады. Өнер көпқырлы құбылыс, өйткені ол тікелей адам жанымен байланысты дүние. Өнер дегеніміз тамаша бейнелердің бай әлемі, адами қиялдың асқақтауы, өмір мен адам болмысының мәнін шығармашылық арқылы ұғынуға мүмкіндік алу, адамның жасампаздық рухының шыңы. Сонымен қатар, «өнер» терминін екі мағынада анықтауға болады, олар тар және кең мағынада. Кең мағынасында, өнер адам баласының жалынды жасампаздығын білдіреді де, «өндіру», «жасау», «құру» деген негізден өрбиді. Мысалы, көне гректердің өнерді білдіретін ұғымы «poiesis» - адам қолынан шыққан, өндірілген заттар әлемі ретінде табиғи әлем – «physis»ке қарама-қарсы қойылған. Тар мағынасында өнер деп көркем шығармашылық үдерісін және оның нәтижелерін, яғни бейнелеу, поэзия, әуен, би, тағы сол сияқтыларды айтуға болады. Негізінен, осы соңғы, екінші тар мағынасында біз өнер сөзін пайдаланамыз.

Барша халықтың оның даму кезеңдеріндегі, алдыңғы қатарлы өнердің мақсаты – адам өмірін әдемі, мазмұнды, мақсатты ету.

Ал, енді осы мәселені өзінің «Эстетика» оқулығында Юрий Боревтың пайымдауына тоқталайық. Борев өнер табиғатын айқындау үшін эстетика тарихындағы өнер концепциялары, өнерді қоғамдық сана формасы, әлемді көркемдік игеру ретінде, өнердегі жеке, ұлттық, интернационалдық және жалпыадамзаттық, өнердің халықтығы туралы айтса, келесі мәселе ретінде өнер мақсаттарының көптүрлілігіне тоқталады да, өнер түрлерін саралап, баяндайды.

1. Эстетика тарихындағы өнер концепциялары сан алуан. Әркім өзінің кезеңдік даму ерекшелігіне байланысты пікірлер айтады. Гераклит өнер табиғаттағы сұлулыққа еліктейді десе, Платон бойынша, өнер заттарға еліктейтін болғандықтан, бұл бейнеленгенді бейнелеу, идеялардың көлеңкесі, сондықтан да төмен құбылыс, құдайларға айтылатын әнұрандарды мысалға келтіре отырып, оның идеалды мемлекетке әсерін шектеу керек деп есептейді. Аристотель үшін өнер – мимезис, яғни, шынайылыққа еліктеу.

Өнерді туындатқан екі себеп:

- 1) еліктеу адамдарға бала кзден тән;
- 2) еліктеу өнемдері барлығын рахатқа бөлейді.

Сонымен қатар, еліктеу типтерін де атап өтеді:

- 1) заттарға еліктеу «себебі олар болған немесе бар»;
- 2) «олар туралы айтады немесе ойлайды»;
- 3) «олар қандай болуы керек».

Аристотель бойынша, әрбір өнер түрінің қол жеткізетін өзінің рахат сеземі бар. Мәселен, комедия күлкіліден туындап, қайғыға бөлемей, көңілді көтереді. Сурет рахатының негізінде бейнеленген заттардың шынайы табиғаттану жатады. Және де, Аристотель өнердің тәрбиелік рөлін мойындайды, бұл өнер мен құқық тәрбие негізі саналған антикалық қоғамның жағдайын көрсетеді. Өнер мазмұнының ерекшелігін сипаттай отырып, Аристотель бірнеше ұғымдар енгізді, мәселен «әрекетке еліктеу», «деректер үйлесімі» – «фабула», кейбір кейіпкерлерді қалай да атауымызға байланысты – «сипат», адамгершілік ұстаным



анықталатын – айқындылық, «композиция» ұғымдарын атап өтуімізге болады.

Аристотель көзқарастарына сүйене отырып, барокко кезеңінде Тассо өнер пәні адам деп тұжырымдады. Буало бойынша, өнердің басты пәні – игілік пен мақсаткерлікке тең, мемлекеттік өмірдің әсемдігі. Ал, Баумгартен бойынша, көркем таным ғылыми сезімдік формадан ерекшеленеді. Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілінің бірі Иммануил Кант өнерді екіге бөледі, біріншісі, көркем шығармашылықтың практикалық мақсаттарымен байланысты төменгі, ақаулы нысаны – жағымды түрі; екіншісі, практикалық мүддемен байланысы жоқ, эстетикалық әдемі өнер, адамның танымдық қабілеттерінің еркін ойыны іспеттес өнер болып табылатын – әсемдік. Осылайша, Боров бірнеше концепцияны көрсете кетеді. Эстетикадағы өнерді талдауды тағы да толықтыра кететін болсақ, профессор Ақтолқын Құлсариева өнердің пайда болып, қалыптасуы туралы голландиялық мәдениеттанушы Йохан Хейзинганың да идеясы маңызды екендігін айтады. Хейзинга өнердегі болсын, мәдениеттегі ойындық элементті зерттеді. Ойын, өнер секілді, еркін және шығармашылық әрекет болып табылады. Ойын элементтері әр түрлі салт-жоралғыларда, әдет-ғұрыптар мен сән-салтанаттарда көрінеді. Хейзинга ойын мен поэзия, ойын мен өнер арақатынасына ерекше тоқталады. Келесі, өнер генезисіме байланысты концепция «имитативті теория» деп аталады. Бұл концепция бойынша, өнер еліктеу инстинктісі нәтижесінде пайда болады.

Біз кітап оқып, кино көріп, музыка тыңдап, орасан зор архитектуралық құрылыстарға тамсану арқылы әлем туралы, адам туралы, олардың сезімдері мен дүниетанымдары туралы білгенімізді толықтырамыз. Орыс әдебиет сыншысы Виссарион Белинскийдің айтуы бойынша, ақиқат ең алдымен өнер арқылы ашылады екен, ал неміс философы Фридрих Шеллинг өнерді таным формасының ең жоғарғы деңгейі деп есептеген.

Қазақтың өнер туралы көзқарастары мен қазақстандық эстетика ғылымындағы өнер концепциялары туралы да айтуға болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өзінің отыз үшінші қара сөзінде мал жұтайды, өнер жұтамайды деп, бір жағынан өнердің практикалық маңызын атап өтсе, сонымен қатар, оның шығармаларында адамды эстетикалық тәрбиелеу құралы ретінде өнердің рөлі айтылады. «Абай шығармашылығындағы эстетикалықты» зерттеуші Әбдеш Қалмырзаев, халқының бақыты үшін күрескен шебердің санасы мен жүрегі арқылы өткізген, рухани мәдениеті, өнері, поэзиясы шынайылық бейнесі екендігін баяндайды.

Қазақстандық эстетика мектебінің көрнекті өкілі Бәтінш Қазыханова: «ән, жыр, күй, би, өрнек-оюдың бәрі де әрқашан адамдардың сезімін шыңдап, ақыл-ойын ұлғайтып, өмірдің ыстық-суығына бірдей бейім болуына күшті ықпалын тигізіп отыратыны анық» екендігін атап өтеді. Ғалымның ойын сабақтай түссек, адам өміріндегі өнердің алатын орнын айқындауға қажетті дәлелдер келіп шығады: яғни «адам ғаламат зор рухани ләззат алатын, жанымыз бен жүрегімізде өшпес із қалдыратын өнердің керемет туындыларының өмірдегі орны да өте үлкен екені түсінікті. Өнер туындыларының адамды бірде шаттыққа бөлеп, бірде түңіліп, бірде күлдіріп, бірде жылататын құдіретті күшінен жинақталып, санамызда бір сом тұтас әсер тұнады. Шығарманың тұлғасы есте сақталады. Соны ойға алып, бейнесін көз алдымызға келтірген сайын нұрланып, сәулелене түседі. Өнердің негізгі мақсаты, өмірдегі шындық болмысты дәл де жанды етіп суреттеу арқылы адамдардың эстетикалық талғамын өткірлеуіне жану деп қараған жөн».

Мәдениеттанушы-ғалым, профессор Ақтолқын Құлсариеваның пайымдауы бойынша, өнерді мәдениеттанулық талдаудың ерекшелігі оның мәдени-әлеуметтік мағынасын, типологиясы мен динамикасын анықтай отырып, сонымен қатар, өнерді мәдени-әлеуметтік кеңістік әлемінің бір бөлігі ретінде қарастырып, мәдениеттің өзге де құбылыстарының өзара қатынасын зерттейді.

Юрий Боровтың келесі қарастырған сұрағы өнердің даму кезеңдері:

1) рәміздік өнер – абсолютті рухты танудың бастапқы кезеңі. Бұл кезеңге маңызды өнер түрі архитектура, руханилықтан материалдықтың басым түсуі.

2) Классикалық өнер немесе антикалық өнер деп те айтуға болады. Бұл кезеңдегі басты өнер түрі – мүсін өнері. Рухани бастама өсуде. Классикалық өнер үйлесімділік пен әсемдікке толы.

3) Романтикалық өнер – Орта ғасырлардағы христиандық өнер, Қайта Өрлеу, Жаңа Заман өнері. Романтикалық өнердің басты категориясы – асақтық. Бұл кезеңнің басты өнер түрлері: бейнелеу, музыка және поэзия.

Дәрісіміздің келесі мәселесі: Өнер – қоғамдық сана формасы ретінде тақырыбы.

Өнердің мәдениеттегі алатын орны оның басқа салаларынан гөрі ерекше. Өйткені, өнерде ғана қоғамдық сана өзін толығымен – бастапқы бөлінбеген синкреттілігімен көрсете алады. Мәдениеттің



басқа салаларында жіктелген заттық және руханилық, объектілік және идеалдылық, рационалдық және эмоционалдық – осылардың бәрі өнерде жігі бұзылмай, бірлесіп жатыр.

Шынайы әлемнің объективті көпжақтылығы және адамның субъективті көркірлілігі мен қажеттіліктері өмірде қоғамдық сананың әр түрлі формаларын туындатты, оларға, ғылым, философия, өнер, мораль, дін, саясат, құқықты жатқызамыз. Бұлардың әрқайсысының өнермен өзара әрекеті бар. Мәселен, Пушкиннің пікірінше, өнер адамгершіліктен жоғары болса да, гуманды моральдық идеялармен рухтанады. Дін көркем шығармашылықпен өзара әрекетке түседі, соның нәтижесінде діни жанрлар да пайда болды, бейнелеу өнерінде – икона, каллиграфия, музыкада – діни гимндер мен рухани ән айту, поэзияда – діни өлеңдер, сәулет өнерінде – мешіттер мен храмдар және тағы басқалары. Құқық пен өнер әрекетінен детектив жанры туындаса, Боревтың пікірінше, өнер мен ғылымның өзара әрекеті, фото, кино, телевидение сияқты – техникалық жабдықталған өнер формаларының пайда болуына мүмкіндік берді. Сәулет өнерінде де технологиялық және көркемдік мүмкіндіктердің кеңеюіне алып келді де, бейнелеу өнерінде ғылыми фантастика деген ерекше жанрды қалыптастырды.

Өнер арқылы әлемді көркемдік игеру де автордың назарында. Өнер адам қызметінің бірде-бір формасын алмастырмайды, оларды арнайы түрде жасайды, олардың әрқайсысын жобалайды және қайталайды.

Өнердегі жеке, ұлттық, интернационалдық және жалпыадамзаттыққа тоқталсақ, әрбір кейіпкердің өлімінің өзі жалпы адамзатқа әсер етеді деген ой өнердегі жекелікті түсіндіріп тұр, ұлттық ерекшелік неғұрлым өзіндікке ие болса, ол соғұрлым, құнды, қайталанбас баршаға маңызды көркем ақпарат және қарым-қатынас тәжірибесі болып есептеледі. Өнердегі интернационалдық – бұл суретші мен оның шығармасының заманауи адамзатпен құндылықтық байланыстары. Өнердегі жалпыадамзаттық бұл әлемдік тарихта болған, барша адамзатпен тарих субъектісі ретінде жүзеге асатын өнердің құндылықтық байланыстары.

Өнердің халықтығы туралы айтатын болсақ, халықтық – көркем шығармашылық пен халықтың өзара қатынасын, өнердің өзінің табиғаты мен түп тамырын білдіретін эстетикалық категория. XIX ғасырдан бастап халықтық көптеген эстетикалық концепциялардың міндетті категориясына айналды. Борев бұл мәселеге өзіндік маңыз береді. Және де бұл көбінісі орыс халқының өнерімен тығыз байланысты.

Өнер мәселесін қарастырудағы маңызды болып табылатын тұсы, оның мақсаттарының көптүрлілігі немесе полифункционалдылығы. Оларды атап өтуге болады:

1. Түрлендіруші қызметі, яғни өнер қызмет ретінде
2. Компенсаторлық қызметі, мұнда өнер жұбаныш ретінде
3. Танымдық-эвристикалық қызмет, өнер білім және ағарту ретінде
4. Көркемдік-концептуалдық қызмет, өнер әлемнің күйін сараптау ретінде
5. Алдын-ала болжау қызметі, өнер болашақты болжаушы ретінде
6. Коммуникативті қызмет, өнер қарым-қатынас ретінде
7. Ақпараттық қызмет, өнер хабарлама ретінде
8. Тәрбие қызметі, өнер катарсис, яғни тазартушы ретінде
9. Сендіру қызметі, өнер суггестия ретінде
10. Ерекше қызмет, өнер шығармашылық рух пен құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы ретінде
11. Ерекше қызмет – гедонистік, өнер рахат алу ретінде

Көріп отырғанымыздай, өнердің атқаратын қызметі әр алуан, дегенмен де, әрбір суреткердің өзінің жеке мақсатына қарай әрекет ету бағытын көрсетеді деп тұжырымдауға болады.

Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көнеден бері толғандырып келеді. Өнер өзінің нақты түрлерінде тіршілік етеді және нақты тарихи жағдайлардағы жеке тұлға қызметінің моделі мен әлем бейнесі болып табылады. Өнер түрлері бұл өмірлік мазмұнның көркем жүзеге асу қабілетіне ие және материалдық түрлену тәсілдері бойынша ажыратылатын тарихи қалыптасқан шығармашылық қызметтің тұрақты формалары. Өнердің әрбір түрінің көрнекі құралдары мен тәсілдері бар. Өнер түрлері бір-бірінен: бейнелеу тақырыбы және әр түрлі бейнелеу құралдарын қолданумен ерекшеленеді.

Борев ең алдымен, өнер түрлері көп болуының қайнар көздерін ашуға тырысады. Өнердің түрлерге бөлінуі: шынайылықтың эстетикалық жан-жақтылығы мен көптүрлілігіне, суреткердің рухани тереңдігі мен эстетикалық қажеттіліктерінің сан салалығына, мәдени дәстүрлердің байлығы, өнердің көркемдік құралдары мен техникалық мүмкіндіктерінің көптүрлілігіне байланысты.

Көркем шығармашылықтың ежелгі және бүгін де дамушы түрінің бірі – қолданбалы өнер. Ол сұлулық заңдарымен жасалған тұрмыстық заттарда көрініс табады. Қолданбалы өнердің эстетикалық әсері әр сәт



Кітап: Эстетика
Дәріс: Эстетикадағы өнер мәселесі
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

сайын назарда болады және ол өзінің табиғаты бойынша ұлттық сипатқа ие, себебі, ол халықтың салт-дәстүрі, әдеті мен жоралғыларынан туындайды. Қолданбалы өнер негізінен тұрмысты безендіру үшін қолданылса да, халықтың шығармашылық данышпандығы, оларға эстетикалық мәнділік те беріп, бұл пайдалы заттарды өнер туындыларына айналдырады.

Олар арқылы (халық шығармашылығының басқа да түрлерімен қатар) қалың бұқараның эстетикалық сезімдері, көркем талғамдары қалыптасады.

Автор үшін қызығушылық танытқан тағы бір сала, ол цирк. Цирк бұл –акробатика, эквилибристика, гимнастика, пантомима, жонглерлік, сиқыр, клоунада, ат үстінде өнер көрсету, жануарларды үйрету сияқты өнер болып табылады.

Ал, қалған өнер түрлерін Боров жан-жақты қарастырып, өнер тарихындағы негізгі мысалдар беру арқылы түсіндіріп өтеді. Сәулет өнері немесе архитектура адам еңбек құралдарын жасауды үйренгеннен кейін өз жайлылығы үшін баспана салған кезден бастап дамығандығын және де бұл уақыт өте келе эстетикалық түрді иеленгенін айтады. Сәндік өнер – қоршаған ортаны эстетикалық игеру, бұл адамның күнделікті өміріне еніп, тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттарда әсемдік пен жайлылық орнатады. Кескіндеме мен графика туралы айтатын болсақ, кескіндеме – суретшінің шығармашылық қиялына айналған, шынайы өмірдің бейнеленуі. Графиканың ерекшелігі – сызықтық қарым-қатынас, заттардың формаларын жаңғырту, олардың жарық беруі, жарық пен көлеңкенің ара-қатынасын көрсету. Мүсін өнері – құбылыстардың өмірлік бейнесін беруге қабілетті материалдарда көрініс табатын, әлемді икемді бейнелерде игеретін, кеңістіктік-кескіндеме өнері. Ал, әдебиет көркем сөз арқылы әлемді эстетикалық игеру. Театр – көрермендер алдында актерлер жүзеге асыратын, драматикалық әрекет арқылы әлемді көркемдік тұрғыда игеретін өнер түрі. Музыкаға тоқталатын болсақ, адам сөзімен байланысты вербалды емес дыбыстық қарым-қатынас мүмкіндіктерін күшейту және дамыту өнері. Хореография – би өнері, музыканың жаңғырығы. Би – адам денесінің әуезді және ырғақты қозғалысына айналған, олардың сезімдері мен әлем туралы ойларын ашатын әуезді және ырғақты дыбыс. Фотоөнер – химиялық-техникалық және оптикалық құралдармен құжаттық маңызы бар, көркем бейнелі, көрнекі бейнені жасау және шынайылықтың сол сәтін қатып қалған суретте нақты көрсету. Ал, кино туралы айтатын болсақ, ол ХХ ғасыр туындысы. Оның пайда болуы оптика, химия, электро және фото техника, көру физиологиясы саласындағы ғылым мен техника жетістіктеріне тікелей байланысты. Киноның туындауын тек техникалық және ғылыми жетістіктермен ғана түсіндіруге болмайды. Оның пайда болуы мен дамуына жаңа заманның әлеуметтік ерекшеліктері әсер етті. Теледидар –бұқаралық видеоаппарат құралы және эстетикалық өңделген болмыс әсерлерін қашықтықтан бере алатын өнердің жаңа түрі. Юрий Боров назар аударған, тағы да бір өнер түрі эстрада. Ол өзге де өнер түрлерімен қатар тұрады, бірақ оны қабылдайтын өз ортасы бар. Бұл айтылып өткен өнер түрлері адамның өмірінде өзіндік орын алады және кезеңдік, кеңістіктік ерекшеліктерге ие.

Осы ретте соңғы кезде пайда болған сала – дизайн туралы да айта кетуге болады. Дизайн адам іс-әрекетінің өзін қоршаған заттық әлемді сұлулық заңы бойынша өнерден тысқары аймақта игеру түрі болып табылады. Дизайн әсемдік утилитарлық, яғни кәдеге жарарлық қасиетпен ұштасуы тиіс.

Жалпы алғанда, өнер түрлері адамзат дамуымен толығымен беретіні сөзсіз, себебі шығармашылықтың шегі жоқ.